

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы  
Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің  
"Ақмектеп орта мектебі " КММ  
2023-2024 оқу жылындағы  
жұмыс оқу жоспарына  
түсінік хат**

**Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің "Ақмектеп орта мектебі " КММ** шағын жинақталған мектеп. Мектепте–11 сынып комплектісі және 78 оқушы білім атуда.

-Мектеп 2023-2024 оқу жылында "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына,

-ҚР Оқу-ағарту министрінің «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» 05.07.2023 ж. №199 бұйрығына;

-Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" № 348 бұйрығына;

- ҚР Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру- ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 31.08.2022 ж. №385 бұйрығына;

-ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары 05.08.2021 ж. №ҚР ДСМ -76 бұйрықтарын басшылыққа алды.

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақмектеп орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 даярлық сыныбы бар. Қазіргі таңда даярлық сыныптарында 7 бала.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты - әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Негізгі міндеттер төмендегі бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

2023-2024 оқу жылында білім беру мекемесі төмендегі нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отыра жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319.

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 (2016 жылғы 9 сәуірдегі № 501-V ҚРЗ өзгерістермен).

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы».

«Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23 қарашадағы №11 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық».

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру,

мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» (05.04.2023 жылы №60 бұйрықпен өзгерістер енгізілген)

«Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары».

2022 жыл 9 қыркүйек № 394 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы».

«Ақмектеп орта мектебі» КММ -де мектепке дейінгі даярлық 1 сынып жұмыс жасайды.

*0 сыныбы -7 бала*



**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы  
Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің  
"Ақмектеп орта мектебі " КММ  
бастауыш білім берудің 2023-2024 оқу жылындағы  
жұмыс оқу жоспарына  
түсінік хат**

Мектеп 2023-2024 оқу жылында "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен оқу-тәрбие жұмысы жүргізіледі.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Шекті жол берілетін аудиториялық оқу жүктемесі санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормативтермен айқындалған ең жоғары оқу жүктемесінен аспайды. Оқу жоспарында барлық білім беру салалары толық көлемде ұсынылған.

Қазақ тілінде оқытатын 2 сыныпта вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің көлемі 2 сағатты, 1-3-4 сыныптарда 1 сағатты құрайды.

"Математика және логика" 1-4 сыныптарда, 2-сыныпта «Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті» вариативтік компоненттен 28.08.2023 ж №1 педагогикалық кеңестің шешімімен алынып отыр.

Бағдарлама авторы: Ғ.Бекмуратова, бастауыш 1-сынып пәні мұғалімі А.Абдельденова сыныптың ерекшелігіне сәйкес бейімдеді және 28.08.2023 жылғы №1 хаттама педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді.

2-4 сыныптарда «Математика және логика» бойынша бағдарлама авторы: Л.Ж.Ахметова бастауыш сынып мұғалімдері Ө.Машкенева, А.Исова, К.Амиренова сыныптың ерекшелігіне сәйкес бейімдеді және 28.08.2023 жылғы №1 хаттама педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді.

"Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті" бұл курстың мақсаты оқушылардың әдемі жазуға, жазу каллиграфиясының қалыптасуына нақты өмірлік жағдайларда сұранысқа ие тақырыптар бойынша оқу, тыңдау және сөйлеу негізінде жазбаша сөйлеу дағдыларын жүйелі дамыту болып табылады. Бағдарлама авторы Мукышева Назгуль Кенесовна, бастауыш сынып мұғалімі Ө.Машкенева сыныптың ерекшелігіне сәйкес бейімдеді және 28.08.2023 жылғы №1 хаттама педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді.

Мектеп директоры



Б.Амиргазин

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы  
Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің  
" Ақмектеп орта мектебі" КММ негізгі орта білім берудің  
2023-2024 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспарына  
түсінік хат**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" бұйрығымен оқу процесі жүзеге асырылуда.

Негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспары 28.08.2023 ж. №1 педагогикалық кеңесте таңдалып, бекітілді.

5-9 сыныптарда- 5 сынып комплектісі және 44 оқушы бар.

Негізгі орта білім берудің оқу жұмыс жоспары білім алушылардың ғылымның базистік негіздерін игеруіне, жоғары рухани-адамгершілік мәдениетті және тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруына, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, бейіналды даярлықты іске асыруға бағытталған.

Вариативтік компонент сағаттарының есебінен 5-9-сыныптарда "Жаһандық құзыреттілік" курсы енгізіледі, 9-сыныпта "Жаһандық құзыреттілік" курсы : И.Есмурат - тарих пәні мұғалімі, педагог-модератор жүргізеді.

Шекті жол берілетін аудиториялық оқу жүктемесі санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормативтермен айқындалған ең жоғары оқу жүктемесінен аспайды.

Мектеп директоры



Б.Амиргазин

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы  
Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің  
"Ақмектеп орта мектебі " КММ  
жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша  
жалпы орта білім берудің 2023-2024 оқу жылындағы  
жұмыс оқу жоспарына  
түсінік хат**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" бұйрығымен оқу процесі жүргізіледі.

Жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспары 28.08.2023 ж. №1 педагогикалық кеңесте жаратылыстану-математикалық бағыттағы 86-қосымша таңдалып, бекітілді.

Жұмыс оқу жоспарында вариативтік компонентке 3 сағат бөлінген. Вариативтік компонентте "Жаһандық құзыреттілік" курсы 10-11 сыныпта 1 сағаттан беріледі, 11-сыныпта "Жаһандық құзыреттілік" курсының атауы «Кәсіпкерлік және бизнес».

Жалпыға міндетті пәндер мен элективті бейіндік пәндерді келісу негізінде жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 10-11 сыныптарға 1-сағаттан «Жас программист», және 10-11 сыныптарға «Физикадан есептерді шешу әдістері» курсы бойынша оқушылар мен ата-аналардың сұранысы негізінде алынып отыр. Бағдарлама авторы: Г.Дарменбекова, физика пәні мұғалімі Д.Айтказина сыныптың ерекшелігіне сәйкес бейімдеді және 28.08.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілді

Мектеп директоры



Б.Амиргазин